



«Қазына» бөбекжайы жеке мекемесі

Вариативтік компонент

«Жас зерттеуші»

«Айгөлек» МАД тобы

2021-2022 оқу жылы

Тәрбиеші: Манибаева А.

Жас зерттеуші бағдарламасының күнтізбелік жоспары

Р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Өткізілу мерзімі
1	«Судың қасиеті»және «Жағалай су»	Балаларға су туралы мағлұмат беру, тәжірибе жасау арқылы судың қасиеттерімен таныстыру. табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін, қызығушылықтарын арттыра отырып, табиғаттың әдемі сұлулығын көре білуге және оған қамқор болуға тәрбиелеу.	2	01.09.2021ж 08.09.2021ж
2	Аяқ астындағы ғажайыптар	Құрғақ және дымқыл құмның қасиеті туралы білімдерін кеңейту. Білімдерін қалыптастыру және олармен жұмыс жүргізе білу. Балалардың құмның қасиетін білуге деген өзіндік тәжірибе жасауға білімдерін кеңейту.	2	15.09.2021ж 22.09.2021ж
3	Ғажайып магнит	Балаларды магнит деген ұғыммен таныстыру.Магниттің қасиеті туралы түсініктерін қалыптастыру. «Тәжірбиелер мен зерттеулер» магниттің қасиетін көрсету, ой тұжырымын жасауға ,сөздік қорларын дамыту.	2	06.10.2021ж 13.10.2021ж
4	Өсімдіктер тыныс алады	Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін кеңейту. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру, балалардың бөлме өсімдіктерін күтуге деген машықтарын дамыту.	2	20.10.2021ж 27.10.2021ж
5	Ғажайып күз келді.	Балаларға күз мезгілі жыл мезгілдерінің бірі бірі екенін оның белгілері мен құбылыстары туралы білімдерін кеңейту және жүйелендіру. Күздегі табиғат өзгерістері туралы білімдерін тереңдету. Табиғаттағы тірі және өлі табиғатқа көңіл аударту және қоршаған орта сұлулығын көре білу қабілеттерін дамыту.	2	03.11.2021ж 10.11.2021ж
6	«Қағаздың сыры»	Балаларды қағаздың қасиеті қасиетімен таныстыру, қағаздың	2	17.11.2021ж 24.11.2021ж

		пайдасы мен зияны жайлы айтқызу. Балалардың қағаз сапасының әр түрлілігі туралы білімдерін кеңейту. (жұмсақ, жұқа, қатты жұмсақ) және құрамы (жыртылады, ұмаждалады, суланады)		
7	Аязды күндер -ай	Қысқы мезгіл туралы түсініктерін дамыту. Өз білімдерінен қыс мезгілінің ерекшелігін айту : қар деген не , ол қайдан пайда болады.	2	08.12.2021ж 15.12.2021ж
8	Кішкентай шыршаға қыста суық.	Біздің жақта өсетін қарағай мен шыршаның өсуін қорғау.Дьенеш пішіндерін қолдана отырып шырша құрастыруға дағдыландыру. Осы аймақта өсетін шырша ,қарағай ағаштарының өсіуін , оны қорғау керегін түсіндіру	2	22.12.2021ж 29.12.2021ж
9	Көрінбейтін ауа	Ауа туралы түсініктерін кеңейту.Тәжірбие-зерттеу жасау арқылы ауаның құрамын білу.Өлі ,тірі табиғатқа тигізер пайдасы туралы жеке зерттеулер жасау арқылы, қортынды жасау, ойлану, өз ойын айту, түсіну «ауа» (мөлдір, көрінбейді, иісі жоқ, ауамен адамдар ,жануарлар , өсімдіктер дем алады)	2	05.01.2022ж 12.01.2022ж
10	Тоқ қайда тұрады?	Балаларды тоқпен және тоқтың статистикалық пайда болу жағдайымен таныстыру. Өздігінен тәжірбие жасай білуін және қортынды жасай білуге үйрету. Табиғат құбылыстары жайлы білімдерін дамыту.	2	19.01.2022ж 26.01.2022ж
11	Жасыл дәріхана	Балалардың емдік шөптер мен өсімдіктер туралы білімдерін дамыту . Біздің аймақта кездесетін емдік өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту. Танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру . Ойлау қабілетін, бақылауды, білуге деген құмарлығын дамыту	2	02.02.2022ж 09.02.2022ж

12	Жалынды от	Балаларға оттың пайда болуы тарихымен таныстыру. Балалар үйдегі және балабақшадағы өрт қауіпсіздік ережелері туралы білуге . От қауіпсіздіктері туралы түсініктерін жүйелеп ,сақтық шараларын қалыптастыру.Өрт сөндіру мамандығы туралы білімін кеңейту.	2	16.02.2022ж 23.02.2022ж
13	«Өлкемізге көктем келді»	Балалардың көктем мезгіліндегі табиғат өзгерістері туралы білімдерін дамыту. Көктем өзімен бірге тамаша мерекелерді ала келетіні туралы айтып түсіндіру.	2	09.03.2022ж 16.03.2022ж
14	Құстарды аялайық	Құстарға деген адамгершіліктерін қарым – қатынастарын дамыту. Балалардың құрастыру қабілеттерін дамыту, нәтижеге жету үшін тиімді түрлерді қолдана білуге үйрету	2	23.03.2022ж 30.03.2022ж
15	Бізге жаз қонаққа келді.	Балаларды күннің және жылудың адам өмірі мен жануарлар және өсімдіктер үшін маңызы туралы білімдерін дамыту. Танымдық қабілеттерін дамыту. Зерттеу машықтарын қалыптастыру.	2	06.04.2022ж 13.04.2022ж
16	Аяқ астындағы ғажайыптар	Балалардың жәндіктер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру (көбелек, құмырсқа, қоңыз, шегіртке, ара); Тіршілік көзіне деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу;	2	20.04.2022ж 27.04.2022ж
17	Алақай жаз !	Балалардың табиғатқа деген қамқорлығын кеңейту.Балаларды ағаштармен, ағаштан жасалған заттармен таныстыру. Өзіміздің табиғатымызға деген қызығушылықтарын дамыту. Өз аймақтарының ерекшеліктерін көбірек білуге ынтығу.	2	04.05.2022ж 18.05.2022ж
	Барлығы		34 сағат	

«Айгөлек» МАД тобы

Күні: 01.09.2021ж

08.09.2021ж

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: «Судың қасиеті»және «Жағалай су»

Мақсаты: Балаларға су туралы мағлұмат беру, тәжірибе жасау арқылы судың қасиеттерімен таныстыру. табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін, қызығушылықтарын арттыра отырып, табиғаттың әдемі сұлулығын көре білуге және оған қамқор болуға тәрбиелеу.**Билингвалдық компонент:** Сұйық –жидкий, су –вода, тазартқыш сүзгі – фильтр**Сөздік жұмыс:** сұйық ,көлемі жоқ ,ағады.

Көрнекіліктер: Зерттеу құралдары, слайд , түрлі стақандар ,Триз тех

Ұйымдастыру
кезеңі

Табиғат дегеніміз не?

Табиғат қандай екі бөліктен тұрады?

Тірі табиғатқа нелер жатады?

Ал, өлі табиғатқа нелер жатады?

Оларды неліктен өлі табиғат дейміз?

Жұмбақтар

1.Жалт –жұлт етеді,Жылғадан өтеді.
Бұл не?

2.Аспаннан домалап,
Көп моншақ төгілдіБұл не?

Слайд: қарандаршы балалар бізге пингвиндер келіпті. Олар судың қасиеті туралы білмейді екен. Су жайлы сендерден көп білгісі келіп, көмек сұрайды. Көмектесейік пе?

Біз сумен не істейміз?

Бізге судың қандай пайдасы бар?

Иә судың бізге берер пайдасы көп екен.

Балалар суға байланысты кім тақпақ, мақал мәтел, нақыл сөздер айтып береді

Табиғат дегеніміз: Бізді қоршаған орта
Тірі табиғат және өлі табиғат деп екіге бөлінеді.
Жануарлар, өсімдіктер, ағаштар, құстар. Т,б
Өлі табиғатқа Су, тас, тау, құм, күн, жаңбыр, жатады. Өйткені олар өспейді, қоректенбейді,

Су

Жаңбыр

Балалар тақтадағы пингвиндерді қызыға қарайды.
Оларға көмектесуге дайын екендерін айтады.

Балалардың жауаптары

Балалар өздерінің тақпақтары мен мақал мәтелдерін айтып береді.
Сылдыр сылдыр сылдыр су, Сылдыр сумен бетінді жу.

Балалар енді біз пингвиндердің тапсырмаларын орындайық. Ол үшін арнайы халаттарымызды киіп алайық.

«Судың қасиетін» зерттейміз.

1. Тәжірибе «Мөлдір су»

1-ші пин: Судың түсі бар ма?

Олай болса, стаканда не тұр?

1-стаканда су – қасық салу.

Көріне ме?

1-стаканда сүт – қасық салу.

Көріне ме?

Су қандай екен?

2.Тәжірибе «Судың дәмі жоқ»

2- пин: тапсырмасы: Осы мөлдір суда дәмі барма екен?

Түтікшемен ішіп көріндерші.

Судың дәмі жоқ болса, біз судың дәмін өзгерту үшін Лимон, тұз, тосапты пайдаланайық.

Түсі өзгерді ма? Салған жемістердің түсіне байланысты өзгерді.

Тұз салған су мөлдір болып қала береді екен.

Бірақ тұз салыңған судың дәмі қандай?

Сергіту сәті:

3- пин:тапсырмасы. Су қай кезде мұз болады?

Қай кезде бу болады? дейді.

3.Тәжірибе слайд бойынша «Мұз – қатты су, бу да-су»

Балалар мұз неден пайда болады?

Ал, бу қайдан пайда болады?

Видео: Қайнаған су және мұз

Мұзды ыдысқа салып қояйық.

Жуынсаң сен әрдайым,
Аппақ бетің, маңдайың.
Судыңда сурауы бар.

*Су –тіршілік көзі.

Сусыз өмір жоқ.

Су тазалықтың досы.

Ағынды суға түкірме.

Суды ластама.

Зертханалық киімдерін киеді.

Сүт және су

Қасық көрінеді.

Қасық көрінбейді.

Су мөлдір.

Балалар стакандағы суларын түтікшемен ішіп, дәмі жоқ екенін айтады.

Суға лимон, тосап, тұз салғызып дәмін ажыратып айтқызу.

Әр бала өз зерттеуі жайлы айтып береді.

Лимон салған су- қышқыл

Тосап –тәтті

Тұз салған су–ащы

Биік болып өсеміз,
Жапырақтай жайқалып.

Ағаштарға су құйып,

Өсіреміз сая бақ

Слайд: Судың өзгерістерін тамашалайды.

Су суықта қатып –мұз болады.

	Шамалыдан кейін келіп қараймыз. 4-пин: тапсырмасы: суда не ериді, не ерімейді? 4.Тәжірибе «суда кейбір заттар ериді, ал кейбірі ерімейді» 1-ст аканға - қант салады 1-стақанға – құм салу Байқап көріндер суда не еріді, не ерімейді? Егер қант суда ерімесе, онда адамдар тәтті шай іше алмас еді. 5-пинтапсырмасы: Лас суды қалай тазартады? 5.Тәжірибие : «Құм салынған суды сүзгіден өткізіп тазарту» Су мөлдір, құм салған су – лас су. Суды тазарту үшін сүзгіден өткізу. Жер асты суын осылай сүзгіден өткізу арқылы ауыз суға айналдырады. Енді балалар біздің ыдысқа салып кеткен мұзымызды барып көрейік? Жаңылтпаш айтқызу Мұз –тұздай Тұз-мұздай Міне біздің зертхенелық оқу іс-әрекетіміз аяқталды.	Қайнаған судан –бу шығады. Мұзды ыдысқа салып ары қарай тәжірибелерін жалғастырады. Суға құм мен қантты салып араластыру арқылы құмның ерімейтінін байқайды. Қант еріді. Құм ерімеді. Құм салынған суды 1 неше рет сүзгіден өткізді.не өзгергені туралы айтып береді. Жаңылтпашты қайталайды. Балалар киімдерін шешіп орындарына іліп қояды.
Рефлексивті-коррекциялау	Балалар бүгін ашық оқу іс-әрекетімізде нені зеттедік? Бүгінгі жұмыстарың ұнады ма?	Балалардың жауабы Өте ұнады. Қонақтармен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Тәжірибе жасау арқылы судың қасиеттерін ұғынды.

Түсінеді: Табиғаты сүйе білу керек екенін және қамқор болуды түсінді

Қолданады: Тәжірибеге қолданатын заттар. Мультимедия

Әзіскер: Т.А.

«Айгөлек» МАД тобы

Күні: 15.09.2021ж

22.09.2021ж

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Аяқ астындағы ғажайыптар

Мақсаты: Құрғақ және дымқыл құмның қасиеті туралы білімдерін кеңейту.

Білімдерін қалыптастыру және олармен жұмыс жүргізе білу. Балалардың құмның қасиетін білуге деген өзіндік тәжірибе жасауға білімдерін кеңейту.

Билингвалдық компонент: Құм –песок, сусымалы- рассыпчатый

Сөздік жұмыс: құрғақ, дымқыл.

Көрнекіліктер: Су, ыдыстар, стақандар. Құм терапиясы,

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға Дымбілмес келеді. Өзімен бірге шелек алып келіпті. Шелектегі затты қару.	Балалар Дымбілмеске қызығушылық танытады. Шелектегі затты табады.
Ұйымдастырушылық – ізденушілік	Дымбілмес әкелген затты зертханаға апару. Тәжірибие №1: «Шашыраңқы құмның қасиеті» Құмды ыдыстан –ыдысқа ауыстырып, оның шашыраңқы екенін айту. Тәжірибие №2 «Дымқыл құм» Құмға су құю, судың қайда екенін табу. Тәжірибие №3 «Қандай құм жабысабы?» 2 ыдыстағы құм: шашыраңқы және дымқыл құмды салыстыру. Дымбілмес ойыншық-тарын құмға түсіріп алыпты, тауып беруге көмектесейік. Ойын: «Құмға тығылған ойыншықты тауып ал»	Зертханаға барып, зерттеуге кіріседі. Құмның ыдыстан-ыдысқа құйылатынын, төксе шашырап қалатынын айту. Ыдыстағы құмға су құю, суды ағызып көру. Су жоқ. Құм суды өз бойына сіміреді. Шашыраңқы құм шашылып қалады, ал дымқыл құм жабысады. Қолдарына құм терапиясын жасау. Ойыншықтарды табу. Ойын: «Құмды әріптер» Құмға суреттер, әріптер салу.
Рефлексивтік-түзету:	Дымбілместін достарына арнап тоқаштар пісіреміз.	Балалар қызығушылықпен тоқаштар жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі :Құрғақ және дымқыл құмның қасиеті туралы

Меңгереді: Құм қасиеттері туралы білімдерін толықтыру.

Жасай алады:Балалардың құмның қасиетін білуге деген өзіндік тәжірибе

«Айгөлек» МАД тобы

Күні: 6.10.2021ж.

13.10.2021

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Ғажайып магнит

Мақсаты: Балаларды магнит деген ұғыммен таныстыру. Магниттің қасиеті туралы түсініктерін қалыптастыру. «Тәжірбиелер мен зерттеулер» магниттің қасиетін көрсету, ой тұжырымын жасауға, сөздік қорларын дамыту.

Билингвалдық компонент: магнит – магнит, тартады – притягиваеть

Сөздік жұмыс: темір заттарды, өзіне жапсырады.

Көрнекіліктер: темір заттар, жармалар, магнит, Сенгвейн әдісі, Триз тех

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	Тақтада ертегі желісі ілінген «Күлше қыз» Күлше қыз ханзаданың мерекелік кешіне бармақшы. Бірақ анасы бірнеше тапсырмалар беріпті, орындауға көмектесеміз бе?	«Күлше қыз» ертегісін қызығушылықпен тыңдайды. Күлше қызға көмектесуге ынта білдіреді.
Ұйымдастырушылық- ізденіс	1. тәжірбие: «Магнит қандай заттарды тартады?» Күлшеқыздың анасы жарманың ішіне бірнеше темір заттарды араластырып тастапты, соны жармадан тазарту. 2 тәжірбие: «Магниттің күші неде?» Д/о: «Суретті құра» 3. тәжірбие: «Магнит қалай әсер етеді?» Д/о: «Үй жинау.» 4.тәжірбие: «Судың ішінде болсада тартылыс күшін жоғалтпайды.»	Магниттің қандай заттарды тартатынын білу. Жарманың ішіне қол салмай, темір заттарды магниттің көмегімен тарту. Күлше қызға керек заттарды түсіне байланысты жинау. Магниттің өзіне тарпайтын заттарын атау. Магниттің көмегімен судың ішінен кілтті алып шығу. Магниттің көмегімен

	Д/о: «Кілт іздеу.» Қимылды ойын: «Қазына іздеу.» Логоритмикалық жаттығу: «Машина: бип!, бип! - дейді, Жолдан былай кет!- дейді»	қағаздың астындағы қазынаны іздеп табу.
Рефлексивті-коррекциялау	Пласмас ,темір ,резеңке, қағаз заттардың қайсын магнит тартады , әңгімелесу.	Балалар қз жауаптарын айтады.

Күтілетін нәтиже

Білу : Магниттің қасиеті мен маңызы туралы ұғымды

Болу:Магнит өзіне темір заттарды тартатыны туралы түсінігі

Жасай алу:су,темір заттар ,пласмас ,резеңке заттармен тәжірбие

Әдіскер: Т.И.

«Айгөлек» МАД тобы

Күні: 20.10.2021ж.

27.10.2021ж.

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Өсімдіктер тыныс алады.

Мақсаты: Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін кеңейту.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру, балалардың бөлме өсімдіктерін күтуге деген машықтарын дамыту. Өсімдіктерге деген қамқорлық пен бақылай білуді дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін ояту.

Билингвалдық компонент: Өсімдік –растение ,гүл-цветок.

Сөздік жұмыс :бөлме өсімдігі , күту

Көрнекіліктер: гүлдер, жуа ,сукұйғыш,суреттер. Монтессори , Синквейн

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қызығушылық	Сиқырлы Фея келеді. Балалармен амандасып , сиқырлы елінде қатты жел тұрып ,гүлдерін шашып кеткенін айтады. Гүлдерді жинау.	Феямен амандасады. Қызығушылықтары артады. Гүлдерді жинап береді.
Ұйымдастыру-ізденушілік	Монтессори әдісі Д/о: «Гүлдерді жина» №1 тәжірибе : « Өсімдіктер үйдегі ауаны тазартады ». №2. Тәжірибе : «Әр гүлдің өзіндік ерекшелігі бар» № 3 тәжірибе: «Өсімдіктерге су мен жарық қажет» № 4 тәжірибе: «Өсімдіктер де тыныс алады». Ойын гүлдерді ажырату. «Не қайда өседі ?» 1. Бақта өсетін гүлдерді жинандар? 2. Дала гүлдерін табындар? 3. Бөлме гүлдерін табындар ? Дұрыс бөліп қою	Түстеріне қартай гүлдерді жинау, топтастыру. Өсімдіктің қасиеттерін зерттеу. Гүлдердің бір –бірінен ерекшелігін қарап , ажыратады. Өсімдіктерді қалай суару керегін көрсетеді. Жапырақтың үстіндегі шаң тозандарды сүртіп , тазалау. Бақша, дала, бөлме гүлдері деп ажыратып ,жинайды. Нарғаз, көкнәр, қызғалдақ, раушан. Раушан, әсел, түймедақ, қызғалдақ, бақбақ. Бегония ,теңбілгүл ,үй шегіргүлі
Рефлексивтік-түзету:	«Пияз тұқымын өсіреміз». Топтағы ыдыстарға пиязды егу, оның пайдасын айту	Балалар пиязды топыраққа отырғызып ,суарады.

Күтілетін нәтиже:

Білу : гүлдердің түрлерін айтайды

«Айгөлек» МАД тобы

Күні: 03.11.2021ж

10.11.2021ж

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Ғажайып күз келді.

Мақсаты: Балаларға күз мезгілі жыл мезгілдерінің бірі екенін оның белгілері мен құбылыстары туралы білімдерін кеңейту және жүйелендіру. Күздегі табиғат өзгерістері туралы білімдерін тереңдету. Табиғаттағы тірі және өлі табиғатқа көңіл аударту және қоршаған орта сұлулығын көре білу қабілеттерін дамыту. Жемістер мен көкөністер туралы білімдерін толықтыру және байыту.

Билингвалдық компонент: Жемістер –фрукты ,көкөніс –овощ , күз –осень

Сөздік жұмыс :күз ерекшелігі ,молшылық ,көрініс

Көрнекіліктер: суреттер ,муляждар ,Триз ,Монтессори ,Сенгвейн әдісі

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	Бұлттар төніп, ызғар сеуіп, Дымқыл тұман басады. Шөп сарғайып, өні қашып, Дала сұры қашады, Айтындаршы бөбектерім, Бұл қай кезде болады?	Балалар өлең шумақтарын талдап жыл мезгілін атайды. Күз
Ұйымдастырушылық- ізденіс	Триз тех- сы бойынша Д/о: «Кім жылдам?» доппен жыл мезгілінің ерекшелігін сұрау. Күз мезгілінде дала қандай болады? Нерліктен күз жомарт дейміз? Сенгвейн әдісі бойынша Д/о: «Сипаттауы бойынша тауып ал.» Жұмбақтау арқылы өткізу. Монтессори тех-сы бойынша Д/о: «Ғажайып дорба» «Не қайда өседі?»	Сұрақтарға жауап беру. Күз мезгіліне байланысты өз жауаптарын береді. Салқын, жаңбыр, жапырақтар түседі. Жемістер, бидай, көкөністер піседі. Сипатталған заттарды тауып айтады. Жемістерді сипау арқылы ажыратады. Бақта ма, бақшада ма ажыратып орынды орнына қояды.

	Тәжірбиелер мен бақылаулар 1 тәжірбие: Қыркүйек айында біздің аулада не гүлдеп тұрды? 2.тәжірбие: Гүлдердің тұқымын жинап алайық 3 тәжірбие: Басқа ағаштарға қарағанда шырша ағашының ерекшеліктері. 4.тәжірбие: Құстар қайда ұшып кетті. 5. тәжірбие : Жәндіктер неге жоқ?	Битуня ,бегония ,теңбілгүл ,фиалка . Балалар гүлдердің тұқымдарын ыдысқа жинайды, ерекшеліктерін атайды. Ағаштардың жапырақтарының сарғайуын ,ал шыршаның жапырақтарының сол қалпы тұруынын себебін айту. Құстарды бақылау ,себебін іздеу неге жылы жаққа ұшып кеткенін талқылау. Жәндіктердің жоғалу себебін айту ,талдау.
Рефлексивті-коррекциялау	Құрастыру: «Күзгі кілем» табиғи заттардан жасау	Серуен кезінде жиналған табиғи заттардан кілем жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Білу :Күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістері туралы

Болу : Күзгі табиғаттың өзгерістері туралы түсінігі

Жасай алу : Табиғи заттардан түрлі бұйымдар

«Айгөлек» МАД тобы

Күні:17.11.2021ж

24.11.2021ж

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу іс-әрекеті: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: «Қағаздың сыры»

Мақсаты:Балаларды қағаздың қасиеті қасиетімен таныстыру, қағаздың пайдасы мен зияны жайлы айтқызу. Балалардың қағаз сапасының әр түрлілігі туралы білімдерін кеңейту. (жұмсақ, жұқа, қатты жұмсақ) және құрамы (жыртылады, ұмаждалады, суланады) Майлық қағаз бен альбом қағаздың құрылымына қарай қолдану туралы балалардың түсінігін кеңейту. Балалардың танымдық белсенділігін, зерттеу жасауға қызығушылығын ояту.

Билингвалдық компонент:қағаз – бумага ,қатты –твердый ,жұмсақ -мягкий

Сөздік сжұмыс: умаждау , сулау, жырту.

Көрнекілік: қағаздар ,су ,майлықтар ,Триз ,Доман әдісі

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	Балаларға жұмбақ жасыру Өзі аппақ қардай, Суретті де саламыз, қолды да сүртеміз. Қатты да жұмсақта болады. бұл не? деп ойлайсыңдар? Қағаздардың түрлерімен танысып зерттейміз.	Балалардың жауабы Қағаз Балалар қызыға кірісе бастады
Ұйымдастырушылық- ізденіс	Д/о:«Болады, болмайды?» Сұрақ-жауап ойыны. Әңгіме Сұрақтарға дұрыс, тез, толық жауап қайтара білуге үйрету. Қағазды неден жасайды? Қағаздардың қасиетін ата? Триз технологиясымен Саусақ гимнастикасы Қағаздың түрлерімен «Сыйлық» жасау. 1.тәжірибе: «Қандай қағаз тез мыжылады?»	Балалар ойынды қызығушылықпен орындайды. Балалар жауабы. Қағаз ағаштан жасалады. Балалардың жауабы Балалар әр түрлі қағаздың қасиетімен танысып. Бүктеу үлгісі арқылы Альбом қағаз және майлық қағаздармен «Гүл» жасап үйренеді. Жұмсақ, майлық қағаздар тез ұмаждалатыны туралы іс-

	2. тәжірбие:«Қандай қағазға күш жұмсалады?» 3 .тәжірбие:«Қандай қағаз түрі тез суланады және ыдырайды?» 3. тәжірбие:«Қандай қағаз жерге тез түседі?» Сергіту сәті: Ұшады ауада, Қонады жерге де, Жел болса бірақта, Қонарын білмеген Тақпақ айту:	әрекет арқылы ұғынды. Қатты картон қағазды жырту үшін күш жұмсалады. Әр түрлі қағазды стакандағы суға салу арқылы өзгерген қағаздарды бала өз тәжірибесінде айтады. (ең тез суланатын және ыдырайтын майлық қағазы) Балалар қағаздарды лақтырады.Жерге тез түсетін қатты қағаздар жерге тез түсетінін анықтады. Балалар сергітуді қимылмен орындады. Ұшымен қазық Тор көзді жазық. Үстіне өттім, Асыл сөз жазып. Қайталайды, үйренеді
Рефлексивті-коррекциялау	Балалар біз бүгін зерханалық бұрышта нені зерттеп, немен тәжірибе жасап көрдік? Қандай қасиетін үйрендіңдер?	Қағаздардың қасиеттерін білдік. Балалардың жауаптары айтылды.

Күтілетін нәтиже:

Білу : Қағаздардың түрлерін айырмашылығын

Болу : Қағаздың қасиетін , шығу тарихын туралы түсінігі

Жасай алу : Оригами тәсілімен әртүрлі заттар

Әзіскер : Әли

«Айгөлек» МАД тобы

Күні:08.12.2021ж

15.12.2021

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Аязды күндер -ай

Мақсаты:Қысқы мезгіл туралы түсініктерін дамыту. Өз білімдерінен қыс мезгілінің ерекшелігін айту : қар деген не , ол қайдан пайда болады.

Қар туралы түсініктерін кеңейту (сулы,суық , суға айналады).

Билингвалдық компонент: Аяз –мороз , суық -холодный

Сөздік жұмыс :аязды күндер ,жылтырайды.

Көрнекіліктер:Қар ,мұз ,суреттер ,ыдыстар ТРИЗ тех

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Жұмбақ жасыру. Өзі аппақ қант емес , Ұстасаң қолын тонады.	Жұмбақтың жауабын айтады. Қар
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Триз тех Д/о: « Жақсы –жаман » Ал енді қарымызды алып зертханаға барайық . Тәжірибе №1. « Судың булануы». Суды отқа қойып ,булану тәсілін көрсету. Тәжірибе №2. « Қардың құрлысы».Қар кесегін алып ,жылы жерге қою . Тәжірибе № 3. «Қар неге таза»Ақ парақпен қарды салыстыру. Тәжірибе №4 « Неге қар кірлейді.»Суреттермен жұмыс :« Ең әдемі қар мүсін »Қардан жасалған мүсіндерді қарап , талдау.	Балалар қардың жақсы-жаман жақтарын айтады. Қарды ұстап ,зертханаға келеді. Будың пайда болуын қарайды, түсінеді. Қар жылы жерде еритінін білу. Қар судан құралған Таза қарды айту. Қарға құм ,тастар араластыру .Қарды ластау. Балалар өз ойларымен бөліседі.
Рефлексивтік-түзету:	Қ/о: «Қаршықтар жинау. »	Бала шығып қаршықтарды кім көп жинайды , жеңеді.

Күтілетін нәтиже:

Білу :қар деген не , ол қайдан пайда болады

Болу:Қысқы мезгіл туралы түсініктері.

Жасай алу:Өз білімдерінен қыс мезгілінің ерекшелігін айту

«Айгөлек» МАД тобы

Күні: 22.12.2021ж.

29.12.2021ж.

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Кішкентай шыршаға қыста суық

Мақсаты: Біздің жақта өсетін қарағай мен шыршаның өсуін қорғау. Дьенеш пішіндерін қолдана отырып шырша құрастыруға дағдыландыру. Осы аймақта өсетін шырша, қарағай ағаштарының өсіуін, оны қорғау керегін түсіндіру. Мектеп жасына дейінгі балалардың тірі табиғатқа және қылқан жапырақты ағаштарға деген қамқорлыққа, қорғай білуге тәрбиелеу.

Билингвалдық компонент: қарағай – сосна, шырша – елка.

Сөздік жұмыс: Қылқан жапырақты, табиғатты аялау.

Көрнекіліктер: Суреттер, жапырақтары, Дьенеш тех

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Жасыл ине киемін, Жайлаймын тау биігін. Жаңа жылды тойласаң, Төріндемін үйіңнің.	Балалар жұмбақтың жауабын айтады. Шырша.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Бізге орман аруы шырша қонаққа келді. Слайд көрсету. Шырша мен қарағай туралы көріп тамашалайды. 1. тәжірибе: «Тірі шыршаның инелері қандай?» 2. тәжірибе: «Шырша қанша уақыт өседі?» 3. тәжірибе: «Қылқан жапырақты ағаш	Балалар қызығушылық танытады. Орман аруын көріп таң қалады. Слайд қарайды. Тірі шыршаның жапырағымен жасанды шырша жапырақтарын салыстырады. Слайд арқылы шыршаның өсу деңгейін қарайды. Баяу өсіуін қадағалайды. Қарағай 100жыл өмір сүретінін айту. Табиғаттың көркі, мәңгілік жасыл болып тұратынын. Ауаны дұрыстауға қолқабыс

	не үшін қажет ? » Орман аруы бізге сыйлық тастап кетті . Мерекеге арнап шырша берді . Біз шыршаны ойыншықтармен әсемдейік . Дамыту ойыны: «Айырмашылығы мен ұқсастығын тап? » , «Қандай ағаш екенін ата.» Д/о: «Шырша құрастыр» Дьенеш таяқшаларынан . Шыршамызға арнап моншақ жасаймыз.	тигізетінін айту. Орман аруының берген сыйлығы шыршаға қуанады. Суреттермен жұмыс .Қарағай мен шыршанын айырмашылығын айтады. Ұқсастығын айтады. Дьенеш таяқшаларынан шырша жасайды. Жолақ қағаздардан моншақ жасап ,шыршаға іледі.
Рефлексивтік-түзету:	«Шыршаны қорғаңыз.» тақырыбына сурет салу.	Өз ойларынан суреттер салып ,бояйды.

Күтілетін нәтиже:

Білу :Қарағай мен шыршанын айырмашылығын

Болу:Өлкемізде өсетін ағаштарды қорғау керегі туралы түсініктері.

Жасай алу: Шыршаға арнап моншақтар

Әзіскер: АН

«Айгөлек» МАД тобы

Күні:05.01.2022ж

12.01.2022ж

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу іс-әрекеті: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Көрінбейтін ауа

Мақсаты:Ауа туралы түсініктерін кеңейту.Тәжірибие-зерттеу жасау арқылы ауаның құрамын білу.Өлі,тірі табиғатқа тигізер пайдасы туралы жеке зерттеулер жасау арқылы, қортынды жасау, ойлану, өз ойын айту, түсіну «ауа» (мөлдір, көрінбейді, иісі жоқ, ауамен адамдар ,жануарлар , өсімдіктер дем алады)

Билингвалдық компонент: ауа-воздух, мөлдір-прозрачно

Сөздік жұмыс :Көрінбейтін ауа

Көрнекіліктер:Сабын көпіршіктері, иіс су ,апельсин ,желдеткіш,шар,су құйылған стақандар,желпуіш,доптар,резеңке ойыншықтар,т.б Триз тех

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	«Сабын көпіршіктері»атты ойынды ұсыну.Көпіршіктер не істеуде?Олардың түстері қандай?Көпіршіктер неге ұқсайды?	Балалар ойынға деген қызығушылықтарын арттырады.Ұшып жүрген көпіршіктерге қарап,оларды қолдарымен ұстайды,сұрақтарға жауап береді: дөңгелекке ұқсайды.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Жұмбақ: 1.Бар ма,жоқ па,оны анық білмейсің, Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің. Ал осы біздің топта ауа бар ма?Қане бәріміз тереңірек ауа жұтып,біраз демалмай тұрайық.Байқайық ауаның бізге қаншалықты қажет екенін.Балалар сендер қалай ойлайсыңдар,ауаны көріп,естіп,сезуге бола ма? 1. Тәжірибе: «Ауа».Кім ауаны естіп,сезгісі келеді, қолдарына желпуішті алып,бетімізге	Ауа Өз ойларын айтады. Дем алу әдістерін жасайды. Қаншалықты шыдай алатындарын көрсетеді. Ауаны көреміз сеземіз дейді. Желпеуіштің көмегімен өздеріне желді тұрғызады. Жел Резеңке ойыншықтарды қысып ,ішінен ауаны

	желпиміз. Сендер нені сездіндер? Бұл не жел? 2. тәжірибе : «Жел ауаны ұшырады» Енді қолымызға резеңке ойыншықты алып, қысамыз қолымызбен, сендер не естідіндер, бұл не дыбыс екен? 3 . тәжірибе: «Шарды ауамен толтыру». Шарларға ауаны үрлеп толтыру. 4. тәжірибе : «Ауаны іздеу». Ауаны целофан пакетпен ұстап алу. Сендер ауаны көрдіндер ме? Егер сендер ауаны көрмесендер, ауа қандай? 5 . тәжірибе: «Жұмбақ көпіршіктер». Су құйылған стақандарға түтікше арқылы үрлеу. Судан не байқадыңдар? 6 . тәжірибе: « Ауаның иісі бар ма ?». Ауаны желпеуішпен өздеріне қарай үрлеу айту . Иіссуын сеуіп , үрлеу. Иіс келді ме ? ТРИЗ тех бойынша Д/о: «Кімге ауа қажет?» Үстел басына жайғасып , кімге , неге ауа керек , соларды белгілендер.	шығарады. Ауа ысқырады. Әр бала өздеріне шар алып , үрлейді. Целофан қапшықтармен ауаны ұстап алады , ауа көрінбейді . Мөлдір . Әр бала түтікшелер алып стақандағы суға үрлейді . Көпіршіктер пайда болды. Желпеуіштің көмегімен ауаны өздеріне тартып иіскейді . Иіс жоқ . Әтір иісін сеземіз . Ауаны қажет ететін заттарды сызады.
Рефлексивтік-түзету:	Тыйым, нақыл сөздер Ауаның қасиеттерін айтып беріндер.	Ауаны ластамау керек. Ауасыз өмір жоқ. Таза ауада көп серуендеу керек.

Күтілетін нәтиже:

Білу : Ауа кімге , неге керек?

Болу: Ауа қасиеттері туралы білімдерін толықтыру.

Жасай алу: тәжірибе жасау арқылы қортынды

Әдістер: АТ

«Айгөлек» МАД тобы

Күні:19.01.2022ж

09.02.2022ж

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Тоқ қайда тұрады?

Мақсаты: Балаларды тоқпен және тоқтың статистикалық пайда болу жағдайымен таныстыру. Өздігінен тәжірибе жасай білуін және қортынды жасай білуге үйрету. Табиғат құбылыстары жайлы білімдерін дамыту. Балалардың зерттеу іс- әрекетіне деген қызығушылықтарын ояту және арттыру.

Билингвалдық компонент: тоқ –электричество ,қауіпті –опасно .

Сөздік жұмыс :қайырымды тоқ .

Көрнекіліктер: Суреттер ,шар ,қағаз , Синквейн әдісі , Лилия дөңгелегі

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс -әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	Жұмбақ жасыру Төбемізде тұрады. Пайдасы мол ұққанға . Түнде жанып тұрады. Күндіз сөніп тұрады.	Балалар жұмбаққа қызығушылық арттырады. Тоқ.
Ұйымдастырушылық - ізденіс	Тоқ ол әр үйде бар . «Тоқ» деген не екенін зерттеп білетін боламыз. Презентация қарау. «Тоқ біздің досымыз ба әлде жауымыз ба?»Тоқтың қауіптілігі жайлы айту. Ой тастау. 1. тәжірибе: «Сиқырлы зат» 2. тәжірибе: «Қауіпті заттар» 3. тәжірибе: «Қайырымды тоқ қайда?» Қайырымды тоқ деген не? Д/о: «Қауіпті заттар» игровизор арқылы сызып	Тоқтың пайдасы туралы айту. Презентация қарайды. Тоқ туралы өз ойларын айтады. Тоқтың не себепті қауіпті екенін талдау. Тоқпен жұмыс істейтін заттардың пайдасын айту. Балаларға тоқпен ойнауға болмайтынын , оның адам өміріне қауіпті екенін ескерту. Қайырымды тоқ ол қайда болады. Шашты үйкелеу арқылы тоқ шығару. Қайырымды тоқтың қағаз қиқымдырын өзіне тартатынын әңгімелеу , зерттеу.

	көрсету. Д/о: «Тоқ бізге қандай көмек береді»	Қауіпті заттарды сызып көрсетеді. Тоқтың пайдасы қандай екенін Лилия дөңгелегі арқылы айту, табу.
Рефлексивті түзету	Тоқтың пайдасы бар ма? Тоқ неге қауіпті?	Балалар өз ойларына түйгендерін айтады.

Күтілетін нәтиже:

Білу : Тоқты пайдаланар алдында қауіпсіздікті сақтау керегін

Болу: Балалардың тоққа көп жақындамау керектігі туралы түсінігі

Жасай алу:өздігінен тәжірибе жасау арқылы қортынды

Әдіскер: Т.К.

«Айгөлек» МАД тобы

Күні:02.02.2022ж

09.02.2022ж

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Жасыл дәріхана

Мақсаты: Балалардың емдік шөптер мен өсімдіктер туралы білімдерін дамыту . Біздің аймақта кездесетін емдік өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту. Танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру . Ойлау қабілетін, бақылауды, білуге деген құмарлығын дамыту . Қоршаған ортаға деген эстетикалық қабылдауын қалыптастыру

.Билингвалдық компонент: емдік шөп – лечебные травы ,өсімдік-растение

Сөздік жұмыс :жасыл дәріхана , емдік шөптер.

Көрнекіліктер: суреттер ,дәрілер ,сауысқан , ТРИЗ тех

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қызығушылық	Ұнтаспадан сауысқанның шықылықтаған дауысы естіледі. Тақтаның бұрышында сауысқан суреті.	Қызығушылықтары артады. Дыбысты тыңдайды. Сауысқан құсына қарайды.
Ұйымдастыру-ізденушілік	«Сауысқан шықылықтаса, қонақ келеді» деуші еді .Шынында да қонақ келе жатыр. Дәрігер кіреді, амандасады. Балалардың денсаулықтарын қарайды ,тексереді. №1 тәжірибе: «Өсімдік құрылымы» Дәрілерді шөптен жасайтынын айтады.Бақбақ гүлін көрсетеді. Гүлі қан қысымын реттейді Тамырынан да қайнатпа жасайды. Ол дене қызуын басады. Қалақай өсімдігін көрсету. Қалақайдың жапырағынын пайдасы көп. Жас жапырағынан жасалған сорпа, салат өте пайдалы. Жапырағынан жасалған қайнатпа жөтелді тоқтатады. №2 тәжірибе:	Қызығушылықтары арта түседі. Дәрігермен амандасады. Дәрінің адам ағзасына тигізер пайдасы жөнінде айтады. Бақбақ- емдік шөп. Өсімдіктің құрлысымен танысады. Бақбақ гүлі. Бақбақ гүлі туралы тыңдайды. Тамырынын пайдасын біледі. Қалақай (крапива) өсімдігі. Жас жапырағынан жасалған сорпа, салат өте пайдалы. Жөтелге қарсы екенін тыңдайды. Назар қойып тыңдайды. Емдік шөйдің пайдалы жағын білу ,қалай дайындауын көреді. Балалардың көздерін

	«Емдік шәйді қалай дайындаймыз?» ТРИЗ тех бойынша. Д/о: «Иісінен таны» Тыйым сөздер:Көк шөпті жұлма. Ағашты сындырма. Сурет боя : «Емдік шөп »	жұмып , жуа ,лимон иістерін ажыраттыру. Тыңдайды, қайталайды, есте сақтайды.Емдік қасиеті бар өсімдіктердің суретін бояйды.
Рефлексивтік-түзету:	Дәрігер белсенділік танытқан балаларды мадақтайды. Қоштасып кетеді.	Қуанады.Алған әсерлерін ортаға салады. Дәрігермен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Білу : дәрілік шөптердің түрлерін, аттарын

Болу : танымдық қызығушылықтары

Жасай алу : өз бетімен жұмыс істеу, сурет бояуды

Әзіскер: АН

«Айгөлек» МАД тобы

Күні:16.02.2022ж

23.02.2023h2ж

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Жалынды от

Мақсаты: Балаларға оттың пайда болуы тарихымен таныстыру. Балалар үйдегі және балабақшадағы өрт қауіпсіздік ережелері туралы білуге. От қауіпсіздіктері туралы түсініктерін жүйелеп, сақтық шараларын қалыптастыру. Өрт сөндіру мамандығы туралы білімін кеңейту.

Билингвалдық компонент: өрт –пожар, қауіпті –опасно.

Сөздік жұмыс: қауіпсіздік шаралары, өрт сөндіруші.

Көрнекіліктер: суреттер, майшам, құралдар, Дьенеш әдісі.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қызығушылық	Балалармен видео фильм қарау. Ежелдегі адамдар отты қалай алғаны және қалай от шыққаны туралы.	Қызығушылық танытып, видеофильмді тамашалады. Ежелгі адамдар өмірін қызығушылықпен қарады.
Ұйымдастыру-ізденушілік №	От туралы зерттеу. 1. тәжірибе: «Қандай материалдан жасалған заттар тез тұтанғыш келеді?» 2. тәжірибе: «Нерліктен өрт кезінде жарылыс болады?» 3. тәжірибе: «Өртті немен сөндіруге болады?» 4.тәжірибе: «Өрт ауаны ластайды.»Балабақша ішіндегі экскурсия (Өрт қауіпсіздік бұрышымен танысу) Әңгімелесу: Нерліктен от пайдалы және қауіпті. Дьенеш әдісі арқылы қима суреттерді құрастыру «Отпен ойнауға болмайды?»	Қағаз, целофан, жүннен жасалған бұйымдар, ағаш заттар тез жанады. Шифр, газ қатты ыстықта жарылады. Өртті май, тез тұтанғыш заттармен сөндіруге болмайды. От жағу кезінде шыққан түтінге назар аударту. Өрт сөндіру бұрышын қарап талдайды. Нерліктен күрек, құм, өрт сөндіргіш болатынын айту. Суреттер құрап, оларды талдайды.
Рефлексивтік-түзету:	Презентация қарау «От дос па, қас па?» Сұрақтарға жауап беріп қортындылау.	Презентация қарап, өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білу : ежелде оттың қалай пайда болғанын

Болу : Өрттің қауіпсіздік шаралары туралы түсінігі

Жасай алу : іс –тәжірбие жасау , сақтық шарасын

«Айгөлек» МАД тобы

Күні:09.03.2022ж

16.03.2022ж

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: «Өлкемізге көктем келді»

Мақсаты: Балалардың көктем мезгіліндегі табиғат өзгерістері туралы білімдерін дамыту. Көктем өзімен бірге тамаша мерекелерді ала келетіні туралы айтып түсіндіру. Алғашқы көктем күндерінің ерекшеліктерін (ауа райының өзгеруі, өсімдіктер, табиғат бұрышына егілген бидай, сұлы, пиязды бақылау) Жануарлар мен құстарды бақылау. Ағаш бүршіктерін тамашалап әңімелеу

Билингвалдық компонент: бидай – пшеница, сұлы – пшено, пияз – лук.

Сөздік жұмыс: ағаш бүрі, құстар ұясы, көктеді.

Көрнекілік: Суреттер, дақылдар, ыдыстар, Сенгвейн әдісі, Дьенеш таяқша

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	Балаларға жұмбақ жасырамын Таңнан көзін ашады әлемге нұрын шашады. Ол келгенде Жерде, тіпті әлем жаңарып қалады	Балалар ойланып тақтаға қарайды Суреттегі көктем мезгілі екенін біліп Көктем деп жауап береді.
Ұйымдастырушылық - ізденіс	Бақылау жұмысы: Ауа- райын бақылау Аспанды бақылау Қарды бақылау Ағаштарды бақылау Құстарды бақылау көктемдегі мұзды бақылау (мұз, сырғанақ, батпақ) Алдын ала өткізілген: Тәжірибе: Судын үш қасиетімен танысу (Су, қар, мұз) Тәжірибелер: №1. Қалай құрғақ шығуға болады?	Балалар ойынды қызығушылықпен орындайды. Балалар жауабы. Қағаз ағаштан жасалады. Балалардың жауабы Балалар әр түрлі қағаздың қасиетімен танысып. Бүктеу үлгісі арқылы Альбом қағаз және майлық қағаздармен «Гүл» жасап

	№2 Кеме суда жүзеді? №3 тамшылар жиынтығы? №4 Су өсімдіктерді қорғайды? №5. Мұздың еруі? №6 Қар неге су болады? Д/о және Қ\ойын «Жыл мезгілі» «Бұл қай кезде болады?» «Не қайда тұрады?» Стол үсті ойыны: (Сенквин тех-сы бойынша) «Қима суреттер» үлестіру Жылдың қай мезгілі? Ненің баласы? Ненің үйі? «Жабайы және үй жануарлары» «Төлдерін тап» Суретке қарап: «Мұзжарғыш» «Құстарды қарсы аламыз» Көктем туралы тақпақ: Презентация «Табиғат оянады» Мұзды бақылау (қатты, өткір, суық) Мұз ілініп тұрған шатырдың астынан өтпеу Дьенеш таяқшаларынан «Алғашқы гүл» құрастыру	үйренеді. Жұмсақ, майлық қағаздар тез ұмаждалатыны туралы іс-әрекет арқылы ұғынды. Қатты картон қағазды жырту үшін күш жұмсалады. Әр түрлі қағазды стакандағы суға салу арқылы өзгерген қағаздарды бала өз тәжірибесінде айтады. (ең тез суланатын және ыдырайтын майлық қағазы) Балалар қағаздарды лақтырады. Балалар сергітуді қимылмен орындады. Ұшымен қазық Тор көзді жазық. Үстіне өттім, Асыл сөз жазып. Таяқшалардан гүл құрастырады.
Рефлексивті-коррекциялау	Балалармен мнeотехника көмегімен көктем туралы түсініктерін бекіту.	Жыл мезгілінің ерекшелігін айтады.

Күтілетін нәтиже:

Білу : Ауа райының өзгерістерін бақылай

Болу: Табиғат бұрышындағы өсімдіктер туралы түсінігі

Жасай алу: Табиғат бұрышына дақылдар егу , таяқшадан гүл

Әріксер: Лил

«Айгөлек» МАД тобы

Күні: 23.04.2022ж

30.03.2022ж

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу іс-әрекеті: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Құстарды аялайық

Мақсаты: Құстарға деген адамгершіліктерін қарым – қатынастарын дамыту. Балалардың құрастыру қабілеттерін дамыту, нәтижеге жету үшін тиімді түрлерді қолдана білуге үйрету. Алдарына қойған мақсатқа жете білуге дағдыландыру. Құстарды аялауға, көмектесуге деген жауапкершілік сезімдерін, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Билингвалдық компонент: Құс-птица, аялайық- оберегать

Сөздік жұмыс: құстарды аялайық

Алдын-ала жұмыстар: Құстар туралы ведео фильмдер қарау.

Көрнекіліктер: Құстар суреттері, жұмбақтар шешу, мақал-мәтелдер, Синквейн әдісі, ТРИЗ тех

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қызығушылық	Жүрекпен ойын : «Менің көңіл күйім»	Балалар өз көңіл-күйлерін айтады. Менің көңіл-күйім жақсы.
Ұйымдастыру-ізденушілік	Көзерін жұмып, құстардың үнін есту. Біз нелердің әндерін тыңдадық? Құстар туралы «Виктарина» өткізу. 1. Орман дәрігері қандай құс ? 2. Таңертең оятатын құс? 3. Ұша алмайтын құс? 4. Ең сұлу құс ? Құстардың суретін ілу тақтаға. №1 тәжірибе «Құстарға қыста жылы ма, суық па?». №2 тәжірибе «Құстар қалай тіршілік етеді?».	Балалар ойға шомылады. Құстардың әндерін . Жарыс сұрақтарына жауап береді. Тоқылдақ . Әтеш Пингвин Аққу Құстар туралы суреттер қарау, өз ойларын айту. Қысқы тіршіліктен хабардар

	№3 тәжірибе«Құстардың ұяларында тамақ бар ма, Жоқ па?». Сергіту сәті: Синквейн әдісі арқылы ойын Д/о: «Мен не білемін?»	ету, оларды қамқорлыққа алу керегін ескерту. Серуен кезінде құстарға жем сауытқа шеміске ,нан қоқымын салғызу. Құстар болып ұшайық, Аю болып қорбандап, Түлкі болып қашайық, Құстар туралы шағын әңгіме құрау.
Рефлексивтік-түзету:	Аз қимылды ойын: «Мысық пен торғайлар»	Балалар мысықты санамақ арқылы таңдап алып , ойынды ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Білу : құстардың тіршіліктері туралы

Болу : құстарға деген адамгершілік қарым – қатынастарынын

Жасай алу : құстарды аялауға, көмектесуге деген жауапкершілік сезімдерін

«Айгөлек» МАД тобы

Күні:04.05.2022ж

18.05.2022ж

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Бізге жаз қонаққа келді.

Мақсаты: Балаларды күннің және жылудың адам өмірі мен жануарлар және өсімдіктер үшін маңызы туралы білімдерін дамыту. Танымдық қабілеттерін дамыту. Зерттеу машықтарын қалыптастыру. Балалардың мезгілілік өзгерістері туралы білімдерін кеңейту. Күнделікті өмірде белсенділікке тәрбиелеу. Балалардың денсаулықтарын табиғат факторлары арқылы нығайту және сақтауда қамтамасыздандыруға жағдай жасау.

Билингвалдық компонент: жаз –лето , ыстық - жара

Сөздік жұмыс: күннің нұры ,шуақты ,денсаулыққа пайдасы.

Көрнекілік:

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	Ауада шынығу «Күн ауа және су –біздің досымыз» Балалармен әңгіме жүргізу Аланды ойынға әзірлеу, Құмға ыстық су құйып, бесетканы сыпыру. «Жайдарлы жаз» өлеңді айту	Таза ауада шынықтыру шараларын жасады. Жыл мезгілінің жаз айырмашылығы туралы айтып берді Өлеңді айту арқылы балалар топқа оралады.
Ұйымдастырушылық- ізденіс	Тәжірибелерге дайындық. №1. «Гүлденген бақ –бақ гүлі» №2 «Бақшаны бақылау» №3 «Жәндіктерді бақылау» Презентация тамашалау «Қыс пен жаз» «Мен неге ыстықтаймын» Сурет жарысы	Табиғат бұрышындағы егіп қойған өсімдіктерді қанша өскенін бақылау. Суару, топырағын қопсыру, гүлдің түстерін ажырату. Атауы да әр түрлі екенін айтып беру. Гүлдің жапырағын ,сабағын , тамырларын бақылау. Ауаны тазартады. Ол шаң тозаңды өзіне тартып алатындығы жайлы әңгімелеу. Қыс пен жаз туралы суреттен көру. «Күн ыстықта –адамдар

	«Мен жаздың суретін саламын» «Жаз» өлеңін жаттау Сюжеттік рөлдік ойын: «Емхана» жәндік шағып алған кездегі «Алғашқы көмек.» Дене тәрбиесі: «Шынықсаң шымыр боларсың»	ыстықтайды» Суретті тамаша салады. Бояуларды таңдай біледі «Алғашқы жәрдем туралы» балалар топқа бөлініп ойнады. Серуен кезіндегі ойындар ойнады.
Рефлексивті-коррекциялау	Балалар біз бүгін қай мезгіл туралы әңгімелесіп, ауа райын бақыладық? өсімдіктер, жәндіктер, құстар туралы не білдіңдер?	«Жайдарлы жаз мезгілі» туралы Балалардың түсінігі бойынша толық жауаптары

Күтілетін нәтиже:

Болу : жаз мезгіліндегі таза ауадағы өтетін таңғы шеңбер жасалуы.

Білу: «Жайдарлы жаз» мезгілі жылудың күннің әсері туралы

Жасай алу: суреттер, табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен гүлдер, дәптермен жұмыс

Әдіскер: А.Т.

«Айгөлек» МАД тобы

Күні:20.04.2022ж

27.04.2022ж

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Аяқ астындағы ғажайыптар

Мақсаты: Балалардың жәндіктер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру (көбелек, құмырсқа, қоңыз, шегіртке, ара); Тіршілік көзіне деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу; Эмоционалық көңіл күйлерін дамыту; Зерттеу іс-әрекетін жүргізуге деген машықтарын қалыптастыру;

Билингвалдық компонент: жәндіктер –насекомы , көбелек –бабочка
Сөздік жұмыс :көршіміз жәндіктер

Алдын-ала жұмыстар:Әңгімелер оқу

Көрнекіліктер: ойыншықтар , лупалар ,суреттер, ТРИЗ тех ,Монтессори

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қызығушылық	Балалар шеңбер бойымен дөңгеленіп отырады. Көбелек қонаққа келеді. ТРИЗ тех бойынша Д/о: «Менің досым...»	Шеңбер бойымен дөңгелене отырады . Көбелекпен амандасады. Достарын айтады.
Ұйымдастыру-ізденушілік	Саяхатқа шығу 1.аялдама: Құмырсқамен кездесу. Құмырсқа тіршілігінен әңгіме айту. 2.аялдама . Ара туралы сыр шерту. 3. аялдама. Өрмекші туралы мағлұматтар алу. 4. аялдама. Көбелектер өмірімен таныстыру. Сергіту сәті: Монтессори әдісі бойынша Д/о: «Көбелектерді гүлге қондыр.»	Құмырсқалар туралы тыңдайды. Ара туралы қызықты мағлұматтар алады. Өрмекшілер тіршілігінен хабардар болу. Көбелектер тіршілігінен мағлұмат алады. Көбелектер оянды , Жерден шықтың суын алды . Бетін жуды ,Қанаттарын сулады. Қанаттарын сілкіп-сілкіп алады. Аяқтарын тарсылдатып алады. Түстерге байланысты көбелектерді гүлге қондыру.

Рефлексивтік- түзету:	Оригами тәсілі арқылы көбелектер жасау.	Балалар қызығушылықпен орындайды.
----------------------------------	--	--------------------------------------

Күтілетін нәтиже:

Білу : жәндіктер туралы қарапайым түсініктерін

Болу : Эмоционалық көңіл күйлерінің

Жасай алу : Тіршілік көзіне деген қамқорлық сезімдерінің

«Айгөлек» МАД тобы

Күні:06.04.2022ж

13.04.2022ж

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Бізге жаз қонаққа келді.

Мақсаты:Балалардың табиғатқа деген қамқорлығын кеңейту.Балаларды ағаштармен, ағаштан жасалған заттармен таныстыру. Өзіміздің табиғатымызға деген қызығушылықтарын дамыту. Өз аймақтарының ерекшеліктерін көбірек білуге ынтығу. Табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін қалыптастыру. Ормандағы қауіпсіздік ережесін сақтауды үйрету.

Билингвалдық компонент: орман –лес , байлық -богатство

Сөздік жұмыс : орман –біздің байлығымыз

Алдын-ала жұмыстар:Әңгімелер оқу

Көрнекіліктер: жиһаздар,суреттер, Синквейн әдісі. Доман тех

Кезендер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қызығушылық	Тосын сый:Орманшы келеді Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің кім екенімді білесіңдер ме? Мен орман атасымын. Орман деген не? Онда болып көрдіңдер ме?	Балалар қызығушылық танытады. Орманшы атаймен амандасады. Орман туралы түсініктерін айтады. Ия болдық
Ұйымдастыру-ізденушілік	Тақтаға орман бейнесін көрсету. Биік ағаштар макетін, арасына бұталар, төменге шөптерді, саңырауқұлақ муляждарын қою, түсіндіру. 1. тәжірибе: «Ағаштың сапасы мен қасиеті», 2.тәжірибе: «Жүзеді - батады». Доман тех бойынша ойын Д/о: «Аталған ағашқа бар» Кез келген ағашты атау. Тыныштық сәті: Ұнтаспадан құстардың дыбысын тыңдату. Жұмбақ жасыру: 1.Шықса жасыл, түссе сары. 2. Өз қалпағын басынан Тастамайды басынан.	Орман ішіндегі әр бөлшегін атайды. Ағаш ,шөп , саңырауқұлақ , гүлдер болады. Ағаш қасиетің зерттеу ,сынау Ағаштың қатты затқа жататынын атау. Ағаш заттар мен қатты заттарды суға салып зерттеу. Ағаштардың ішінен бір ағашты көрсетіп жауып тастау .Бала көрсеткен ағашты тауып алады. Қиялдау кезеңі Жапырақ

		Саңырауқұлақ
Рефлексивтік- түзету:	Мақал-мәтелдер: 1. Ағаш көркі – жапырақ, Адам көркі- шүберек. 2. Бір ағаш кессең, он ағаш отырғыз. Орманшы атай орманда өздерін қалай ұстау керегін айтады.	Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіну. Талдау. Балалар қызығушылықпен тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Білу : ағаштармен, ағаштан жасалған заттарды

Болу : Өзіміздің табиғатымызға деген қызығушылықтарының

Жасай алу : Ормандағы қауіпсіздік ережесін сақтауды

Әдіскер: Т.Т.

«Айгөлек» МАД тобы

Күні:04.05.2022ж

18.05.2022ж

Білім саласы: Вариативтік компонент

Оқу қызметі: «Жас зерттеуші»

Тақырыбы: Алақай жаз !

Мақсаты:Балалардың табиғатқа деген қамқорлығын кеңейту.Балаларды ағаштармен, ағаштан жасалған заттармен таныстыру. Өзіміздің табиғатымызға деген қызығушылықтарын дамыту. Өз аймақтарының ерекшеліктерін көбірек білуге ынтығу. Табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін қалыптастыру. Ормандағы қауіпсіздік ережесін сақтауды үйрету.

Билингвалдық компонент: орман –лес , байлық -богатство

Сөздік жұмыс : орман –біздің байлығымыз

Алдын-ала жұмыстар:Әңгімелер оқу

Көрнекіліктер: жиһаздар,суреттер, Синквейн әдісі. Доман тех

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қызығушылық	Тосын сый:Орманшы келеді Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің кім екенімді білесіңдер ме? Мен орман атасымын. Орман деген не? Онда болып көрдіңдер ме?	Балалар қызығушылық танытады. Орманшы атаймен амандасады. Орман туралы түсініктерін айтады. Ия болдық
Ұйымдастыру-ізденушілік	Тақтаға орман бейнесін көрсету. Биік ағаштар макетін, арасына бұталар, төменге шөптерді, саңырауқұлақ муляждарын қою, түсіндіру. 1. тәжірибе: «Ағаштың сапасы мен қасиеті», 2.тәжірибе: «Жүзеді - батады». Доман тех бойынша ойын Д/о: «Аталған ағашқа бар» Кез келген ағашты атау. Тыныштық сәті: Үнтаспадан құстардың дыбысын тыңдату. Жұмбақ жасыру: 1.Шықса жасыл, түссе сары. 2. Өз қалпағын басынан Тастамайды басынан.	Орман ішіндегі әр бөлшегін атайды. Ағаш ,шөп , саңырауқұлақ , гүлдер болады. Ағаш қасиетің зерттеу ,сынау Ағаштың қатты затқа жататынын атау. Ағаш заттар мен қатты заттарды суға салып зерттеу. Ағаштардың ішінен бір ағашты көрсетіп жауып тастау .Бала көрсеткен ағашты тауып алады. Қиялдау кезеңі Жапырақ

		Саңырауқұлақ
Рефлексивтік- түзету:	Мақал-мәтелдер: 1. Ағаш көркі – жапырақ, Адам көркі- шүберек. 2. Бір ағаш кессең, он ағаш отырғыз. Орманшы атай орманда өздерін қалай ұстау керегін айтады.	Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіну . Талдау. Балалар қызығушылықпен тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Білу : ағаштармен, ағаштан жасалған заттарды

Болу : Өзіміздің табиғатымызға деген қызығушылықтарының

Жасай алу :Ормандағы қауіпсіздік ережесін сақтауды